**Қазақстан Республикасы азаматының дипломатиялық және қызмет паспорттарының үлгілерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 11 қазан N 1158. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1375 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы азаматының дипломатиялық және қызмет паспорттарының шығарылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы азаматының дипломатиялық және қызмет паспорттарының үлгілері бекітілсін /сипаттамасы қоса беріліп отыр/.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы азаматының дипломатиялық және қызмет паспорттарының бланкілері мен оларды толтыруға қажетті жабдықтарды алуды және тапсыруға әзірлікті қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсаттар үшін 1994 жылдың республикалық бюджеті бойынша Үкіметтің кезек күттірмес қажеттіліктерін анықтау есебіне 500 мың доллары мөлшерінде қаражат бөлсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 қазандағы
N 1158 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасы азаматының дипломаттық паспортының үлгісі**

**/сипаттама/**

1. Паспорт кітапшасының көлемі 88х125 мм, оның ішінде сутамғы белгілері бар арнаулы қағаздан жасалған 16 парақ орналастырылған. Паспорт парақтарындағы жазулар мен сызықтар қара түсті бояумен түсірілген.

2. Паспорттың мұқабасы қою жасыл түсті, онда:

а/ қазақ және ағылшын тілдерінде

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
REPUBLIK OF KAZAKSTAN

деген алтын түсті батырма жазу бар;

ә/ ортасында - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;
б/ Елтаңбаның төменгі жағында -
Дипломаттық Паспорт
--------------------
Diplomatic Passport
--------------------
деген батырма жазу бар.

Мұқабаның ішкі жағында Қазақстан Республикасы Елтаңбасының түрлі түсті бейнесі.

3. Паспорттың бірінші бетінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Достас Мемлекеттердің барлық құзыретті қызмет орындарынан дипломаттық паспорт иесінің бөгетсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етуді және қажет болған жағдайда заңды қолдау көрсетіліп, қорғалуын өтінеді."

"Министерство иностранных дел Республики Казахстан просит все компетентные службы Дружественных Государств обеспечить владельцу дипломатического паспорта свободное передвижение и в случае необходимости оказать законную поддержку и защиту."

"The Ministru of Foreign Affairs of the Republik of Kazakstan reguests all competent authorities of friendly powers to permit the holder of this diplomatic passport safely and freely to pass and give the holder legal aid and protection in case of need." деген жазулар жазылған.

4. 31-бетте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

"Осы паспорт нөмірленген 32 беттен тұрады"

"Настоящий паспорт содержит 32 пронумерованные станицы"

"This passport contains 32 numbered pages" деген жазулар бар.

5. 30-бетте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тігінен жазылған:

"Сыртқы істер министрлігінің қызметтік белгілері үшін"

"Для служебных отметок министерства иностранных дел"

"For service annotations by Ministry of Foreign Affairr" деген тігінен жазылған жазулар бар.

6. 29-бетте паспорт иесі балаларының фотосуреттерін желімдеуге арналған, көлемі 45 х 35 мм тікбұрышты алты орын бар.

7. 28-бетте:

Балалары /Дети/ Children деген тігінен жазылған жазу бар.

Төменде: тегі /Фамилия/ Surname, Аты /Имя/Given name, Туған күні /Дата рождения/ Date of birth, Жынысы /Пол/ Sex деген жазулар бар.

8. 32-бетте қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы"/"Republic of Kazakstan" деген тігінен жазылған

жазу бар.

Төменгі екі жолда: "Дипломаттық паспорт"/"Diplomatic passport", оң жағында қазақ және ағылшын тілдерінде: түрі/type, мемлекет коды/code of state, паспорттың N/passport N деген жазулар бар.

Сол жағында көлемі 45x35 фотосурет желімделетін орын бар.

Фотосуреттің оң жағында:

Тегі/Фаимлия/Surname

Аты /Имя/Given name

Азаматтығы/гражданство/Nationality

Туған күні/Дата рождения/Date of birth

Туған жері/Место рождения/Place of birth

Жынысы/Пол/Sex

Берілген күні/Дата выдачи/Date of issue

Паспорт мерзімі/Действителен до/Date of expiry

Берген мекеме/орган выдачи/Authority

деген жазулар бар.

Төменде мәшинемен оқылған текске орын қалдырған.

9. Мұқабаның ішкі жағында қазақ және орыс тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы Дипломаттық паспорт"

"Республика Казахстан Дипломатический паспорт" деген тігінен жазылған екі жол жазу бар.

Төменгі жағында:

Тегі/Фамилия

Аты/Имя

Әкесінің аты/ Отчество

Ұлты/ Национальность

Өз қолы/Подпись/

деген сөздер қазақ және орыс тілдерінде жазылатын орын бар.

10. 32-бет пен мұқабаның ішкі жағының арасында негізгі желімді мөлдір пленка бар.

11. Әр парақта перфорациялық әдіспен паспорт нөмірі таңбаланған.

12. 2-27 беттер "Визалар"/"Visas" деген жазуы бар визалар қоюға арналған.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 қазандағы
N 1158 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасы азаматының қызметтік паспортының үлгісі**

**/сипаттама/**

1. Паспорт кітапшасының көлемі 88 х 125 мм, оның ішінде сутамғы белгілері бар арнаулы қағаздан жасалған 16 парақ орналастырылған. Паспорт парақтарындағы жазулар мен сызықтар қара түсті бояумен түсірілген.

2. Паспорттың мұқабасы қара түсті, онда:

а/ қазақ және ағылшын тілдерінде

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

REPUBLIK OF KAZAKSTAN

деген алтын түсті батырма жазу бар;

ә/ ортасында - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

б/ Елтаңбаның төменгі жағында -

Қызметтік паспорт

-------------------

Service Passport

-------------------

деген батырма жазу.

Мұқабаның ішкі жағында - Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының түрлі түсті бейнесі.

3. Паспорттың бірінші бетінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

"Достас Мемлекеттердің барлық құзыретті қызмет орындарынан осы паспорттың иесі, шетелге жол жүруші Қазақстан Республикасының азаматына жан-жақты көмек көрсетілуі сұралады."

"Просьба ко всем компетентным службам Дружественных Государств оказывать всяческое содействие предъявителю настоящего паспорта, гражданину Республики Казахстан, отправляющемуся за границу"

"All authorities of friendly states whom it may concern are requested to extend sll courtesies to the bearer of this passport, citizen of the republic of Kazakstan, travelling aboad" деген жазулар жазылған.

4.31-бетте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

"Осы паспорт нөмірленген 32 беттен тұрады"

"Настоящий паспорт содержит 32 пронумерованные страницы"

"This passport contains 32 numbered pages"

деген жазулар бар.

5. 30-бетте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде :

"Сыртқы істер министрлігінің қызметтік белгілері үшін"

"Для служебных отметок Министерства иностранных дел"

"For sevice observations by Ministry of Foreign Affairs"

деген тігінен жазылған жазулар бар.

6. 29-бетте паспорт иесі балаларының фотосуреттерін желімдеуге арналған көлемі 45x35 тікбұрышты алты орын бар.

7. 28-бетте тігінен:

Балалары/дети/Children

деген жазу бар.

Төменде: Тегі/Фамилия/Surname, Аты/Имя/Given name, Туған күні/Дата рождения/Date of birth, Жынысы/Пол/Sex деген жазулар бар.

8. 32-бетте қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы"/"Republic of Kazakstan" деген тігінен жазылған жазу бар.

Төменгі екі жолда: "Қызметтік паспорт"/"Service passport", оң жағында қазақ және ағылшын тілдерінде: түрі/type, мемлекет коды/code state, паспорттық N/ passport N деген жазулар бар.

Сол жағында көлемі 45x35 мм фотосурет желімделетін орын бар. Фотосуреттің оң жағында:

Тегі/Фамилия/Surname

Аты/Имя/Given name

Азаматтығы/Гражданство/Nationality

Туған күні/Дата рождения/Date of birth

Туған жері/Место рождения/Place of birth

Жынысы /Пол/Sex

Берілген күні/Дата выдачи/Date of issue

Паспорт мерзімі/действителен до/Date of expiry

Берген мекеме/Орган выдачи/Authority

деген жазулар бар.

Төменде мәшинемен оқытылатын текске орын қалдырылған.

9. Мұқабаның ішкі жағында қазақ және орыс тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы Қызметтік паспорт"

"Республика Казахстан Служебный паспорт"

деген тігінен жазылған екі жол жазу бар.

Төменгі жағында:

Тегі/Фамилия

Аты/Имя

Әкесінің аты/отчество

Ұлты/Национальность

Өз қолы/Подпись/

деген сөздер қазақ және орыс тілдерінде жазылған орын бар.

10. 32-бет пен мұқабаның ішкі жағының арасында негізгі желімді мөлдір

пленка бар.

11. Әр парақта перфорациялық әдіспен паспорт нөмірі таңбаланған.

12. 2-27 беттер "Визалар"/"Visas" деген жазуы бар визалар қоюға арналған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК